



Бекітемін:

№29 «Ай-Керім» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
К.К. Сейдалиева

«Бақшаға барар жолда»



«Шағала» ересек

Тәрбиеші: Г.У. Жунусбаева.

Шымкент 2022

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тобы: «Шағала» ересек топ

Тақырыбы: «Бақшаға барар жолда»

Күні: 09.12.2022ж

Білім бағыты: -Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту;

-Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Міндеті: Ойын арқылы жолда жүру қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Бағдаршамды басты мақсат етіп, есте сақтап , қалыптастыру үшін, қауіпсіздік жағдайларды алдын алып,ескере келіп,балалардың зейінін арттырып, көңілдерін көтеру.

Мақсаты: Ойындар арқылы, бағдаршамның түстерін танып білуге және оны қажетті жерде қауіпсіздік үшін ұстануға, қалыптастыра отырып, іске асыру.Жол ережесіндегі жолақ сызықтар мен жол белгілері не үшін,қандай жағдайда пайдаланылатынын түсініп білу.Жолда жүргенде қауіпті жағдайларды алдын алып, оны ойын арқылы көрсетіп, ережелерді қатаң ұстануға үйрету.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру,сұрақ-жауап,дамытушы ойындар.

Қолданатын көрнекі құралдар: Екі түсті дөңгелек пішін,жол макеті,бағдаршам,таратпа дамытушы ойын құралдары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Тәрбиеші; -Қанекей балалар, бүгін біздер балабақшаға қол ұстасып, жаяу барамыз.- Себебі, біздер жолда қалай жүріп тұру керегін білуіміз қажет.(Жолда қауіпсіздік, мәдениет жайында аңгіме жасап жүру.)- Жолда үлкен адамдармен апайларды көрсек, -Сәлеметсіздерме!- деп амандасып өтейік. Сосын жол жиегімен, арнайы жаяу адамдар жүретін жолмен жүрейік. Жол жиегі дегеніміз;- жолдың шеті.Осы тұста	Балалар жұптасып, қол ұстасып жол жиегімен жүреді.

	өзімізге жасап тұрамыз. (Мен жолда жүргендегі мәдениеттілікті айтып жатқанда, жолда бөтен адам бір баланы шоколадпен қызықтырып аяққа баса жатты. Оны бағдаршам қайта аяққа бастады.) Жолда қандайда бір зат жатса, алмаймыз, ұстамаймыз. Себебі ол ұлан болуы мүмкін. Сөйтіп, қолымызда жарамсыз зат болса, оны жолға тастап кетуге болмайды. Яғни, табиғаттың көпшілік жүретін жолды тастауға болмайды.	Сәлеметсіздерме!
--	---	-------------------------

Қызықтыру- Тәрбиешілік	- Тағайым сәт, Жолдан бағдаршам кездеседі. - Сәлеметсіздерме балалар, жол болсын! Қайда бара жатырсыңдар? - Қазіргі таңда балаларға үлкен адамдарсыз жолда жүрген өте қауіпті. Себебі; жолда автомобильдер өте көп. Ал мынау баланы байқап тұрсам, қауіпті бөтен адам, баланы шоколадпен қызықтырып, араларыңыздан бөліп аяққа бастады. Ол адамды қауіпті етіп көрсетіп, тәрбиеші апайларыңмен келісіп, мен сендерге адейі жібердім, демек сендер алда болса көп нәрсені білмейді екенсіңдер. Сондықтан мен сендермен бақшаға дейін бірге жүрейін. Тәрбиеші:- әрине, бағдаршамның бары қандай жақсы. Балалар, жолда бөтен адамдар тәтті заттармен қызықтырып, өзіне шақырса баруға боламын. - Ондай жағдайда не істесек болады екен? - Жарайсыңдар! Бағдаршам:- Қанекей балалар, ендеше мен алға бастап жүрейін. Тәрбиеші:- Балалар, жол жиегінде шөптер, гүлдер өсіп тұрса алмаймыз, ұстамаймыз. Себебі; ол ұлы	- бала бақшамызға барамыз. - Жоқ. - Үлкен, басқада адамдардан көмек сұраймыз. - Қыс мезгілі. Балалар қарама қарсы қолдарын
-----------------------------------	---	---


	болуы мүмкін. «Жол кедергісіне тап болады.» Бағдаршам;- ой балалар,мұнда былай жүріп өтуіміз қажет!Тәрбиеші;- Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі?-Ия, дұрыс айтасыңдар, ал қазір қыс мезгілінің бірінші айында ауа райы сәл жылы болғандықтан,жолда көлшік су немесе лай жерлер көп кездесуі мүмкін. Сондықтанда,жолда лайды баспай, су көлшіктерді айналып өтуіміз қажет., сондықтанда аяқтарымызды ептеп, икемге келтіру үшін, мынау кедергіден,жұптасып, қолымызды жібермей, екі жақтама тұрып өту қажет.Шарты;ирек және сынық сызықпен ептеп жүру.- Жарайсыңдар! Бағдаршам;-Балалар мынау жолдың жиегіндегі жол белгісі, бұл жаяу жүргіншілерге жолдың арғы шетіне өтуге болады деген белгі. Жаяу жүргіншілер өтетін жол жолақша болады.Ал жаяу жүргіншілер жолдың арғы шетіне өтуі үшін, бағдаршамға қарайды. Ал жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамда екі түс қана болады. Ол қызыл және жасыл түс. Қызыл көзі тоқта дейді, жасыл көзі жүруге рұқсат деген сөз. Ендеше келесі аялдамада «Ойын аялдмасы» бар.Сондықтан мен сендерге екі түсті дөңгелек пішін беремін. Сол бойынша, орындықтарға жайғасып отырамыз. Тәрбиеші; мінекей, ойын аялдмасына да келіп жеттік.— Бағдаршам сізге көп рахмет!- Керемет ойындар дайындап қойыпсыз.- Қанекей балалар,ойындарымызды жақсы көңіл күймен бастау үшін,шаттық өлең шумағын айтып жіберейікші. Аппақ болып таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң,	жұптасып ұстап,кедергіден өтеді. Балалар бағдаршам айтқандай, жолақша жолмен өтеді. Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен айтады. Балалар тәрбиеші түсіндірген дей, мұқият болып, ойынды қызыға ойнайды. Мадақтау алады.
--	--	---

	қайырлы күн! Рахмет саған аяғым, рахмет саған қолдарым. Рахмет саған көздерім, рахмет саған құлағым. Біз бақытты баламыз, сәлемдесіп аламыз. -Балалар, көрдіңдерме жолда үлкен адамдарсыз жүру өте қауіпті. Тәрбиеші; балалар, жолда жүру ережелерін ұмытпаған жөн. Оны ұмытпас үшін, мен сендермен «Бағдаршам» ойынын ойнап жіберейін. Бұл ойын сендерге еске сақтауға жақсы көмектеседі. «Ойын» шарты; барлық баланың алдында үш түрлі білезік секілді білекке киетін сақиналар және тәрбиешідеде солай. Тәрбиеші балаларға мұқият өзіне қарап тұруын сұрайды және өзінің білегіне сақиналарды киедіде қағазбен қолын жабады. Балалар тәрбиеші бірінші қандай түстен сақинаны тақты, екінші қандай түс, сосын қандай түстен тақты, дәл сол түс бойынша балаларда қайталап білектеріне тағады. Ойын 2-3 рет қайталанады.- Жарайсыңдар, сендер өте ақылдысыңдар. -Ал балалар, бағдаршамның бізге дайындаған ойынын ойнайық. -Ендеше, алдымызда тұрған ойындарға назар аударайық. «Түсіндірме жұмысы» «Қауіпсіздік сақтауды ескеру» Қызыл түстегі дөңгелек пішіндегі ойын тапсырмасының шарты; бір біріне жалғасып тұрған үш түсті дөңгелектерді, бірнеше түстердің үстіне қойып дәл келтіріп, орналастыру. Артық таяқша дәл келмеуі мүмкін. Оны шетке қоямыз. Жасыл түстегі дөңгелек пішіндегі ойын тапсырмасының шарты; әр түрлі	Ойын шартын түсініп, қызыға ойнайды. Балалар слайдқа назар аударып, сұрақтарға жауап береді.
--	---	--

қимылдағы бейнелерді таяқша арқылы,
бейнесін құрастыру.

-Жарайсыңдар! Сендер өте
ақылдысыңдар.

«Слайдқа назар аударайық»



Келесі
ойынды
ойнап,
зейін
аударады.

Жол қауіпсіздік ережелері мен жол
белгілеріне арналған сұрақ жауап.

—Жарайсыңдар, жолға шыққанда осы
қауіпсіздік ережелерін әрдайым ұстанып
жүрсек, өмірімізге қауіп төнбейді. Сендер
өте дұрыс жауап бердіңдер. -Керемет!
-Біздер бақшаға бару үшін, түп түзу жолмен
жете алмаймыз. Әртүрлі қисық
жолдарменде жүруіміз мүмкін. —Ендеше

Балалар іс-
қимылмен
сергіту
жасайды.

Мадақтау
алады.

	алдарыңдағы тағыды бір ойынды ойнап, ол жолдың әр бағытқа қарай жалғасатынын байқап көрейік. «түсіндірме жұмысы» -Ой, керемет көрдіңдерме, әр түстегі ұяшықтардан жіпті өткізе отырып, біз әр бағытқа қарай жалғасқан «Қисық жол» жасадық. Жарайсыңдар! -Қанекей мұнда келіп бір сергіп, ойнап алайықшы. (Орындарынан тұрып, шеңбер жасап, сергіту ойынын жасайды.) «СЕРГІТУ СӘТІ» Музыка арқылы билеп тұрып, тәрбиешінің қолындағы көрсетіп тұрған бейнелерді көрсетеді. -Жарайсыңдар, сергіп қалдықпа? -Жарайсыңдар!	
Жетекші-жөндеуші	«Қорытынды» -Балалар, біз бақшаға келгенде, қайтқанда машина жүретін жолмен емес, жолдың жиегімен жүреміз. –Ал, жолдың жиегі дегеніміз олне? -Машиналардың бір бірімен соқтығысып қалмас үшін, оларды не реттейді? -Бағдаршамда неше көзі болады? -Бүгін ойындардан кімге қандай ойын ұнады? «Жеке жеке сұрау» -Жарайсыңдар! Сендер өте ақылды және тәртіптісіңдер және бір біріңмен доссыңдар. -Ендеше, келген қонақтармен қоштасайық.Қанекей, бағдаршам бізді шығарып салсын,бақшамызға,тобымызға барайық.	-Жолдың жиегімен жаяу адамдар жүреді. - Бағдаршам мен жол белгілері. -Үш көзі болады. Балалардың жауабы. Балалар мадақтау алады. -Сау болыңыздар!

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Жолда жүру тәртібі мен мәдениетті біліп, оны ұстану қажет. Жол ережесін, жол белгілерін біліп, оған мән беріп, оны орындау қажет.

Қалыптасқан түсініктер: Жолдағы қозғалыстағы машиналарды тек бағдаршам реттеп тұратынын ұғынып, түсінді. Жолда бөтен адамдарға ермеу, қауіпті алдын алып жүруді есте сақтап, ұстануды түсінді. Ойын шартын түсініп, дұрыс ойнауды қалыптастырады.

Орындаушылық қабілеті: Тапсырмаларды түсініп, қызығушылықтары артады. Ойын тапсырмаларын қызыға ойнап, саусақ бұлшықеттері шынығып, икемделеді. Есте сақтау қабілеттері артады.



